**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы**

**2460 Прокурорлық қадағалау**

6В12301 – Құқық қорғау қызметі білім беру бағдарламасы

# ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

**АЛМАТЫ, 2024**

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: Жанибеков А.К.
6В12301 - «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы жоспарының негізінде әзірленген.

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

№1 хаттама 02.09.2024 ж.
Кафедра меңгерушісі,
з.ғ.д.,профессор Р.Е. Джансараева

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
акдемиялық комитеттің төрайымы А.А. Урисбаева
№1 хаттама 02.09.2024 ж.

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды
№1 хаттама 02.09.2024 ж.
Ғалым хатшы Г.М. Атаханова

## Кіріспе

«6В12301- Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын оқыту Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты мен академиялық саясатқа сәйкес пәнді оқып игеру қорытынды бақылау - емтихан тапсырумен аяқталады. Емтиханға (қорытынды бақылауға) төлем бойынша берешегі жоқ, бакалавриатқа арналған оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процесін аяқтап, тиісінше балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Қорытынды емтихан (қорытынды бақылау) академиялық күнтізбе мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, көрсетілген мерзімдерде жүргізіледі.

Оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процесін аяқтап, тиісінше балл жинай алмаған студенттер қанағаттанарлықсыз бағасын оң бағаға қайта тапсыру үшін студент келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабақ түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Егер студент оқу бағдарламасын толық көлемде орындай отырып, емтиханға уақытылы қатыспаса, емтихан ведомосындағы оның фамилиясының тұсына «келген жоқ» деген жазу жазылады. Студенттің дәлелді себептері болған жағдайда факультет деканының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға теңестіріледі.

«FX» белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда студентке емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін студентке (докторант, студент) емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляция беру мүмкіндігі қарастырылған.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны осы аралық аттестаттау кезеңінде жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді

Емтихан сұрақтары тиісті тексерістен өткеннен кейін бекітіледі.

## Прокурорлық қадағалау

**Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар**

**1 Тақырып. Жедел-іздестіру қызметін, алдын ала тергеу мен анықтауды прокурорлық қадағалау мәселелері**

Жедел іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалау пәні және ерекшеліктері. Жедел іздестіру қызметін қадағалаудағы прокурордың өкілеттіктері.

Анықтама мен алдын-ала тергеудің заңдылығын қадағалаудың пәні мен мазмұны. Қылмыс туралы арыздардың, хабарламалардың қабылдануы, тіркеуге және есепке алынуы және қаралуының мәселелерін қадағалау. Қылмыстық іс қозғау және оны тергеу барысын прокурорлық қадағалау.

Тергеудің аяқталуының заңдылығын қадағалау. Прокурор іске асыратын қылмыстық қудалау түрлері, тәртібі және шектері.

**2 Тақырып. Қазіргі Қазақстандағы прокуратурлық қадағалау саласындағы құқықтық саясат**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі прокуратураныңорны мен рөлі туралы мәселе.

Прокуратураның құқықтық мәртебесі, оның мемлекеттік билік органдары жүйесіндегіорны мен рөлі.

**3 Тақырып. Прокуратура органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптері**

Принцип түсінігі және оның прокуратураны ұйымдастыру мен қызметіндегі маңызы. Прокуратуралық жүйені ұйымдастырудың конституциялық негіздері.

Прокуратураның біртұтастығы мен орталықтандырылуы қағидасы. Прокуратураның тәуелсіздігі қағидасы (прокуратуралық иммунитет). Прокуратура қызметіндегі заңдылық қағидасы. Прокуратуралық қадағалаудың жариялылық қағидасы.

**4 Тақырып. Прокуратура органдары қызметінің функциялары мен мазмұны. Прокурорлық қадағалау салалары**

Прокуратура органдары қызметінің негізгі функциялары. Прокуратура органдары қызметінің мазмұны. Прокурорлық қадағалау салалары.

**5 Тақырып. Прокуратура органдарының жүйесі мен құрылымы**

Прокуратура органдары жүйесінің түсінігі. Прокуратура органдарының құрылымы. Прокуратура органдарын құрудың тәртібі.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жүйесі және құрылымы. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, қызметке тағайындау тәртібі және оның өкілеттіктері.

**6 Тақырып. Прокуратураның құқықтық актілері. Прокурорлық қадағалау актілері заңдылықтың бұзылуына ден қоюдың негізгі құралы ретінде**

Прокуратураның құқықтық актілерінің түсінігі мен жүйесі. Прокуратураның ұйымдастырылуы мен қызметін реттеуші актілер және олардың маңызы.

Прокурорлық қадағалаудың тиімділігін қамтамасыз етуші актілер және олардың түрлері. Прокурорлық қадағалау актілеріне қойылатын талаптар.

**7 Тақырып. Прокурордың құқықтық мәртебесі**

Қылмыстық процестегі прокурордың мәртебесі. Сотта мемлекеттік айыптаушы мәртебесі.

**8 Тақырып. Қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды тіркеу, есепке алу, қарау және шешу заңдылығын қадағалау мәселелері**

Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысының заңдылығын қадағалау.

Қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды тіркеу, есепке алу, қарау және шешу заңдылығын қадағалау мәселелері.

**9 Тақырып. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру проблемалары**

Жасырын тергеу әрекеттерінің түсінігі. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің мәселелері.

**10 Тақырып. Бұлтартпау шараларын қолдану заңдылығының сақталуын қадағалау**

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың заңдылығын қадағалау. Прокурордың өкілеттіктері.

**11 Тақырып. Процессуалдық мәжбүрлеудің өзге шараларын қолдану заңдылығының сақталуын қадағалау**

Осы саладағы прокурорлық қадағалаудың мәні мен міндеттері. Ұсталғандарды, күдіктілерді және қылмыс жасады деп айыпталушыларды ұстау орындарында заңдардың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі прокурордың өкілеттіктері.

Заңсыз немесе негізсіз ұстауға прокурорлық ден қою құралдары. Бас бостандығынан айыру орындарындағы прокурордың қадағалауы.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімдерінің қолданылуын қадағалау.

Прокурордың азаматтық істер бойынша сот шешімдерін орындау тәртібін қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері.

**12 Тақырып. Өтініштер. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым жасау**

Кісі өлтіруді сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау. Сыбайлас жемқорлық және экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау.

**13 Тақырып. Қабылданатын іс жүргізу шешімдерінің және сотқа дейінгі тергеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін іс-шаралардың заңдылығын қамтамасыз ету проблемалары**

Арнайы прокурордың заңсыз әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын тексеру. Талдау жұмысын ұйымдастыру.

**14 Тақырып. Процестік келісім жасасу кезінде заңдылықты қамтамасыз ету проблемалары**

Қазақстандық прокурорлардың заңнамалық мәртебесі. Прокуратура органдарының қызметкерлері мен прокурорлар. Прокуратура органдарына қызметке тұратын адамдарға қойылатын талаптар.

Прокурордың ант беруі. Аудандардың, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген мамандандырылған прокуратуралардың лауазымдарына кандидаттарға қойылатын талаптар. Прокуратура органдарының кадрларын аттестаттау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері.

Прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбегін реттеу. Прокуратура органдарында қызмет өткеру тәртібі. Прокуратура органдары қызметкерлерінің сыныптық шендері мен әскери атақтары. Прокурорлардың құқықтық қорғалуы.

**15 Тақырып. Сотта мемлекеттік айыптаушының өкілеттіктері**

Сотта мемлекеттік айыптаушының өкілеттіктерін іске асыру. Прокуратураның сотта мемлекет мүддесін білдіру жұмысын ұйымдастыру.

Қылмыстық сот өндірісіндегі прокурордың процессуалдық жағдайы мен атқарылатын рөлі. Прокурордың алқабилердің қатысуымен қаралатын істерге қатысуы.

Прокурордың сот тергеуі мен жарыссөзіне қатысуы. Айыптау сөзі. Сот қаулыларының заңдылығын қадағалау мәселелері.

**Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының 30 тамыз 1995 жылы қабылданған Конституциясы (өзгерістермен және толықтыруларымен) // adilet.zan.kz
2. Қазақстан Республикасының 4 шілде 2014 жылы қабылданған Қылмыстық-процестік кодексі. № 231-V ҚРЗ // adilet.zan.kz

3. Қазақстан Республикасының 5 қараша 2022 жылы қабылданған Прокуратура туралы Конституциялық заңы // adilet.zan.kz
4. Амирханов Б.К. Негласные следственные действия в уголовном процессе Республики Казахстан: проблемы теории и практики: автореф. на соискание степени доктора философии (PhD). - Алматы, 2018.
5. Журсимбаев С.К. Прокурорский надзор в Казахстане. - Алматы, 2016. - 304 б.
6. Галустьян О.А., Ендольцева А.В. Прокурорский надзор. - М., 2017. - 471 б.
7. Григорьев В.Н. Прокурорский надзор: учебник. - М.: Экспо, 2016. - 542 б.
8. Ласкина Н.В. Прокурорский надзор. - М.: Юстиции форм, 2019. - 224 б.
9. Крюков В.Ф. Прокурорский надзор: учебное пособие. - М.: Норма, 2018. - 784 б.

**Интернет-ресурстар:**
Пән бойынша қосымша оқу материалы, сондай-ақ деректер базалар жүйесі үшін құжаттама, үй тапсырмасын, жобаларды орындау үшін пайдаланылатын, univer.kaznu.kz сайтының бетіндегі ПОӘК бөлімінде қол жетімді болады. adilet.zan.kz, almaty-otary.kz, gov.ru

## Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1. Пән бойынша қорытынды емтихан ауызша түрде өткізіледі. Ауызша емтихан: дәстүрлі форматта – сұрақтарға жауап беру. Емтихан форматы – синхронды. Студенттің ауызша емтихан тапсыру үдерісі автоматты түрде емтихан билетін құруды қамтиды, оған студент ауызша түрде емтихан комиссиясының алдында жауап беруі керек.

2. Емтихан алдын ала бекітілген кестеге сәйкес міндетті түрде өткізіледі.

3. Студент қорытынды бақылаудан бұрын арнайы нұсқаулықтан өтіп, бағалау критерийлерімен танысуы керек.

4. Билет 3 сұрақтан тұрады. Жалпы тапсыру уақыты – 15 минут.

5. Жауапқа дайындалуға уақыт беріледі:

– дайындалу уақыты оқытушы және/немесе комиссия мүшелері тарапынан анықталады;

– комиссия мүшелері мен оқытушы дайындық процесін бақылайды, қажет болған жағдайда студенттің жауабын тоқтатып немесе ескерту жасай алады (емтихан барысында ережелерді өрескел бұзған жағдайда бұзу актісі толтырылады);

6. Студент билет сұрақтары бойынша жауап береді.

Ауызша емтихан басталар алдында мына әрекеттерді орындау қажет:

1. Емтихан басталғанда комиссия шақырған студент жеке куәлігін көрсетуі керек.

Емтихан қорытындысы бойынша:

1. Емтихан комиссиясы мен оқытушы емтиханға қатысушыларды аттестациядан өткізеді.

2. Баллдарды ИС Univer жүйесінде қорытынды ведомосқа енгізеді.

Ауызша емтихан бойынша бағаларды аттестациялық тізімдемеге енгізу уақыты – 48 сағат.

## Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі: $\frac{РК1+РК2}{2}\cdot 0,6 + ИК\cdot 0,4$. Мұнда АБ – аралық бақылау; ; ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

| Әріптік жүйе бойынша баға | Сандық эквивалент | Балдары (%-дық көрсеткіші) | Дәстүрлі жүйе бойынша баға |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| FX | 0,5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз |
| F | 0 | 0-24 | |

| № | Балл / Критерийі | ДЕСКРИПТОРЛАР | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Өте жақсы» | «Жақсы» | «Қанағаттанарлық» | «Қанағаттанарлықсыз» | |
| | | 90-100 % | 70-89% | 50-69% | 25-49% | 0-24 % |
| 1 сұрақ | **Пәннің теориялары мен тұжырымдамаларын білу және түсінуі** | Прокурорлық қадағалаудың өзекті мәселелерінің негізгі теориялық мәселелерін жан-жақты түсіндіру, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін дәлелдер келтіру | Прокурорлық қадағалаудың негізгі теориялық мәселелерібойынша сәйкес, бірақ толық емес жауабын беру, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін дәлелдер келтіру | Прокурорлық қадағалаудың негізгі теориялық мәселелерін толық қамтымау, негізгі ойларды үстірт дәлелдеу, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзу | Прокурорлық қадағалаудың негізгі теориялық мәселелерін дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау | Прокурорлық қадағалаудың негізгі теориялық мәселелерін, негізгі ұғымдарын білмеу. Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу. |
| | **Пәннің негізгі мәселелерін түсіну** | Сұрақтардың негізгі ұғымдарын өте жақсы байланыстырады. Зерттеу дәлелдерінің аргументтік негіздемесі (мысалы, талдау немесе зерттеу, статистикалық талдау негізінде). | Пән бойынша ұғымдарды байланыстырады және зерттеудің дәлелдерімен нақтылайды | Пән бойынша ұғымдардың шектеулі байланысы. Ұғымдарды шектеулі қолдану. | Сұрақтармен байланыс шамалы немесе жоқ. зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды | Жауап сұрақтарға байланысты емес. зерттеулер мүлдем қолданылмады, сұрақтың жауабы мүлдем сәйкес келмейді |
| 2 сұрақ | **Пәннің негізгі мәселелерін ұғынуы және қолдануы** | Прокурорлық қадағалау бойынша оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру | Прокурорлық қадағалау бойынша оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, практикалық мәселелерді толық шешпеу | Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, дәлсіздіктерге жол беру, курстың теориялық білімін үстірт қолдану | Жеткілікті ойластырылмаған жауап беру, тапсырмаларды шеше алмау | Тапсырмаларды шешу үшін білімді қолдана алмау, Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу |
| | **Практикалық тапсырмаларға қолданылуын бағалау / ұсыныстар** | Сұрақтар бойынша практикалық ұсыныстар мен ұсыныстар ұсынылған, дәлелді қорытындылар келтірілген. | Сұрақтар бойынша практикалық ұсыныстар жасай алады | Шектеулі практикалық ұсыныстар.Ұсыныстар маңызды емес, мұқият талдауға негізделмеген. | Практикалық ұсыныстар аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сапалы ұсыныстар. | Практикалық ұсыныстар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапалы ұсыныстар |
| 3 сұрақ | Мәселе бойынша ағымдағы жағдайлармен салыстырмалы талдау жүргізу | Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістемені дұрыс негіздеу, ғылыми тіл нормаларын сақтау. Мәселе бойынша практикалық | Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістемені негіздеуде дәлсіздікке жол беру , ғылыми тіл нормаларын сақтау | Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз Мәселеленің | Тапсырманы өрескел қателіктермен орындау, сұрақтарға жауап бермеу Тұжырымдамалық материалдар | Тапсырма орындалмаған, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу Тұжырымдамалық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұсынымдар мен ұсыныстар жасау | Мәселе бойынша жалпылама ұсынымдар мен ұсыныстар жасау | практикалық шешімінің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ | мен дәлелдерді дұрыс пайдаланбау | материалдар мен дәлелдерді мүлдем пайдаланбау |
| | **Стиль, сауаттылық** | Жазу анықтық пен дұрыстықты көрсетеді Жазу стилін анық ұстанады | Жауап айқындық пен дұрыстықты көрсетеді Жазу стилін анық ұстанады | Жазуда кейбір негізгі қателіктер бар және сіз айқындықты жақсартуыңыз керек Жазу стилін нақты ұстану кезінде қателіктер жіберілді | Не жазылғаны түсініксіз, мазмұнын сақтау қиын Жазу стилін ұстануда көптеген қателіктер бар | Не жазылғаны түсініксіз, мазмұнын анықтау мүмкін емес |

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:
+Қорытынды баға (ҚБ) = (Б1+Б2+Б3+Б4+Б5+Б6+Б7+Б8+Б9+Б10) / 6К, мұнда Б – критерий бойынша балл, К – критерийлердің жалпы саны.

**Қорытынды баллды есептеу мысалы**

| № | Балл / Критерийлер | «Өте жақсы» | «Жақсы» | «Қанағаттанарлық» | «Қанағаттанарлықсыз» | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **90-100%** | **70-89%** | **50-69%** | **25-49%** | **0-24%** |
| 1 | 1 Критерий | 100 | | | | |
| 2 | 2 Критерий | | 75 | | | |
| 3 | 3 Критерий | | | 60 | | |
| 4 | 4 Критерий | | | | 45 | |
| 5 | 5 Критерий | 100 | | | | |
| 6 | 6 Критерий | | | | 49 | |
| | **Қорытынды %** | **200** | 75 | 60 | 94 | 200+ 75 + 60 + 94 = **429**<br><br>**429 / 6 критерийлер** = 71,5<br><br>**Қорытынды балл в % = 72** |

Есептеу кезінде алынған пайызға сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз. **72 балл** 70 балдан 89 балға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес **«Жақсы»** санатына сәйкес келеді. Осылайша, осы есептеуде жоба дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ге ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес **«Жақсы», 72 балға** бағаланатын болады.